

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС

Мұхатова О.Х.¹, Садвокасова З.Т.²

¹Т.ғ.д., профессор, БҒҚ.

²Т.ғ.д., профессор, БҒҚ. Ш.Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада 1870 жылғы Маңғыстаудағы қарулы қақтығыс тарихы баяндалады. Тарихи оқиғаның деректері, зерттелу деңгейі, себептері анықталады. Қарулы қақтығыстың басталуы тарихи деректердің фактілері негізінде көрсетіледі. Отарлық жергілікті биліктің Маңғыстау приставы подполковник Рукинге берген тапсырмасы және оның әрекеттері ашылады. Көтерілісшілердің тараптары, алғашқы наразылық қадамдары сипатталады. Қазақтардың «жабайы тобырының» наразылығын басу үшін жинақталған әскер туралы айтылады. Иса Қалдыбаев жасағының Рукинді өлтіруі орыс мерзімді басылым материалдары бойынша сипатталады. «Бүліктің» өрістеуі және көтерілісшілердің Александровский фортына шабуыл жасауы қарастырылады. Граф Кутаисовтың және дағыстандықтардың бекіністі қорғауы тарихи фактілер бойынша талданады. Графтың көтерілісшілерді 1869-1868 жылдардағы «Уақытша ережелерге» бағынуға мәжбүр етуге бағытталған істері көрсетіледі. Көтерілісшілерді басу үшін жасақталған жазалаушы отрядтардың «сапары» және бастан кешкен оқиғалары туралы айтылады. Жергілікті биліктің және казак отрядтарының «жабайы қырғыздарды» бағындыруға бағытталған сәтсіз қадамдары туралы баяндалады. Қарулы қақтығыстың басылуы, өлке тұрғындарының жаңа ережені мойындауға мәжбүр болу себептері анықталады. Қақтығыстың тарихи маңызына баға беріледі.

Түйін сөздер: казак отряды., шаңырақ салығы, Уақытша ереже, отаршылдық саясаты, Маңғыстау, Александровский форты, қарулы қақтығыс, Маңғыстау приставы

ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ

Мухатова О.Х.¹, Садвокасова З.Т.²

¹Доктор исторических наук, профессор. Главный научный сотрудник института истории и этнологии им Ч. Валиханова. г. Алматы, Казахстан

²Доктор исторических наук, профессор. Главный научный сотрудник института истории и этнологии им Ч. Валиханова. г. Алматы, Казахстан

Аннотация. *Введение.* В статье излагается история вооруженного столкновения в Мангистау в 1870 года. Определяются источники, степень изученности и причины исторического события. Начало вооруженного столкновения показывается на основе фактов исторических источников. Раскрываются задания данные Мангиставскому приставу Рукину местным колониальным органом и его действия. Характеризуются требования восставших и их первые поступки. Рассказывается о военном отряде собранного для подавления возмущений «диких скопищ киргизов». Описывается убийство сарбазами Исы Қалдыбаева на основе материалов русской периодической печати. Рассматривается событие нарастания «бунта» и нападения постанцев на Александровскую крепость. На основе исторических фактов. Анализируется защита крепости графом Кутаисовым и дагестанцами. Показываются действия графа направленные на вынужденное подчинение повстанцев «Временным положениям» 1867-1868 годах. Излагается о

походе карательных отрядов для подавления мятежа и события пережитые ими. Изучается безуспешные меры местных властей и казачьих отрядов направленные на подчинение «диких киргизов». Определяются причины подавления вооруженного конфликта и вынужденное принятие нового положения населением края.

Ключевые слова: Мангистау, колониальная политика, Временное положение, вооруженное сопротивление, Мангиставское приставство, Александровский форт, кибитиочная подать, казачий отряд.

THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU

Mukhatova O.¹, Sadvokasova Z.T.²

¹Doctor of Historical Sciences, Professor Chief Researcher
at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty, Kazakhstan.

²Doctor of Historical Sciences, Professor Chief Researcher
at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty, Kazakhstan.

Abstract. Introduction. The article sets out the history of the armed clash in Mangistau in 1870. The sources, the degree of knowledge and the causes of the historical event are determined. The beginning of the armed stagnation is shown on the basis of the facts of historical sources. The tasks given to the Mangistav bailiff Rukin by the local colonial authority and its actions are revealed. The demands of the rebels and their first deeds are characterized. It tells about a military detachment assembled to suppress the disturbances of the «wild gatherings of the Kyrgyz». The murder by the sarbazes of Isa Kaldybaev is described on the basis of materials from the Russian periodical. The event of the rise of «rebellion» and the attack of the postants on the Alexander Fortress is considered. The defense of the fortress by Count Kutaisov and Dagestanis is analyzed on the basis of historical facts. The actions of the count are shown aimed at the forced submission of the rebels to the «Provisional Provisions» of 1867-1868. It describes the campaign of punitive detachments to suppress the rebellion and the events experienced by them. The unsuccessful measures of local authorities and Cossack detachments aimed at subordinating the "wild Kyrgyz" are being studied. The reasons for the suppression of armed conflict and the forced adoption of a new situation by the population of the region are determined.

Keywords: Mangistau, colonial policy, Temporary situation, armed resistance, Mangistav bailiff, Alexander Fort, kibitichnaya lodge, Cossack detachment.

Кіріспе

Елбасы өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында «Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек» (Назарбаев, 2018), - деп жазды. Қарулы қақтығыстар мен бой көтерулер, қозғалыстар мен наразылықтар Қазақ Елінің Ресей бодандығын қабылдағаннан кейінгі уақыттарда жиі көрініс бергендігі шындық. Мұндай үдеріс қазақ даласын орыс үкіметінің империяның меншігі деп жариялаған, біртұтас аумақты әкімшілік аудандарға бөліп, мемлекеттік басқару жүйесін бұзған, дәстүрлі әлеуметтік құрылымын қиратқан кезінде ары қарай өз жалғасын тапты. 1867-1868 жылдары патша үкіметі «Уақытша ережелерді» қазақ еліне енгізу үшін жанталасты. Өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық біртұтастығы мен дербестігіне қауіп төнген тұста халық жаппай көтерілді. Сондай қарулы қақтығыстар 1869-1870 жылдары Орал, Торғай, Маңғыстауда өрістеді. Әсіресе 1870 жылы

Мағыстаудағы оқиға отаршылдарды әбігерге салды. Шағын географиялық аймақты қамтыған қарулы қақтығыс тарихта қалды. Халықтың бүгінгі қамы мен ертеңгі болашағын негізгі күрес мотиві етіп, күн тәртібіне қойған кіші жүз руларының азаттық күресі елді ұлы мақсаттарға жетелейтін тағлымын көрсетті. Жарты жылдай уақытқа созылған әрі ауыр да азапты болғандығына қарамастан оның халықтың тәуелсіздігі үшін күрес идеясы жоғары тұрды.

Материалдар және әдістер

Мағыстаудағы қарулы қақтығыстың өткенін зерттеуде «Тарихты жасайтын халық» және «Тарих – адам қызметінің жемісі» ұстанымдары басшылыққа алынды. «Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды» (Назарбаев, 2018) деген Елбасының тұжырымы және төл тарихты зерттеуге бағытталған ұлттық ұстанымдар басты кезекке қойылды. Тақырыптың мазмұнын терең ашуда тарих ғылымдарының зерттеу теориялары, қағидалары мен әдістері қолданылды. Шетелдік тарихнамада қалыптасқан қақтығыстар немесе жанжалдар туралы теория Мағыстаудағы қарулы қақтығыстың тарихы мен тағлымын анықтауға көмектесті. Әлеуметтік тарих пен антропологияның тарихты қоғамдық-саяси құбылыс ретінде қарастыратын мүмкіндігі қақтығысқа қатысты туындаған әлеуметтік сауалдардың жауабы ізделді. Тарихилық қағидасы Мағыстаудағы қарулы қақтығыстың алғы шарттары мен себептерін, барысы және өрістеуін, маңызын бір-бірімен сабақтаса зерттеуге мұрындық болды. Сонымен қатар деректанудың әдістемесі, нақтырақ айтсақ, деректанулық талдау тәсілдері қолданылды. Тарихилық қағидасы дерекке нақты тарихи тұрғыдан қарау емес, сонымен қатар деректің пайда болу және сақталуына әсер еткен факторларды зерттеуге мүмкіндік берді. Мағыстаудағы «бүлік» туралы жарияланған жазба деректердің барлығы шовинистік пиғылда, самодержавиелік рухта жазылған. Сондықтан да оларды талдау сыни көзқарасты қажет етеді. Осы орайда деректанулық сын және дерек ақпаратына сыни баға беру әдістері қолданылды. Тарихи деректің әлеуметтік функциясын, яғни деректі XIX ғасырдың екінші жартысы контекстінде қарау, оның пайда болуының нақты тарихи жағдайлары, әлеуметтік алғы шарттарын анықтау әдісі басшылыққа алынды. Деректерде орын алған фактілердің шынайылық дәрежесін айқындауда деректанулық талдау жүргізілді. Деректің мазмұнын және фактілерін талдау шынайылық, әлеуметтік қағидалары арқылы жасалды. Сондай-ақ аналогия, талдау, жүйелеу, сипаттау, қорыту, проблемалық-тақырыптық, тарихи қайта құру және логикалық дәйектілік әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Өкінішке орай қарулы Қазақстандағы 1869-1870 жылдардағы қақтығыстардың тарихы терең зерттелмеді. Әсіресе Мағыстаудағы «бүліктің» қыр-сыры ашылмады. 1870 жылғы Мағыстаудағы оқиғалардың шындығы үстірт қана тәуелсіздік жылдары ашылды. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін» деп аталатын қорытындылаушы еңбектің үшінші томында Мағыстаудағы көтеріліс туралы қысқаша (екі беттен сәл астам) баяндалған (Қазақстан тарихы, 2002: 423). Ұжымдық зерттеуде «1870 жылы патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Орал және Торғай облыстарында көтеріліс, Мағыстауда толқу болып өтті» (Қазақстан тарихы 2002: 36) - деп жазылды. Осы орайда орыстың мерзімді басылым беттерінде бұл оқиғаны бүлік, жабайы қырғыздардың наразылығы, жыртқыш шайканың әрекеті, бұратаналардың бас көтеруі түрінде бағалау орын алған. Шындығында ол толқу ма, әлде көтеріліс пе, мүмкін қарулы қақтығыс шығар. Бұл сауалға тарихи деректер арқылы ғана жауап беруге болады.

Мағыстаудағы қарулы қақтығыс туралы бірқатар жазба деректердің бар екендігі анықталды. Оқиғаның баяны XIX ғасырдың 70-90-жылдары «Военный сборник», «Оренбургские губернские ведомости», «Русская старина», «Уральские войсковые ведомости», «Голос»,

«Русский инвалид», «Гражданин», «Чтение для солдат» және т.б. орыс мерзімді басылым беттерінен көрініс тапты. Басылымдарда «Из походных записок о действиях в степи в 1869 году», «Несколько слов по поводу последнего восстания киргизов на Мангышлакском полуострове», «События о Мангышлаковском полуострове», «Последние события в киргизской степи», «События в степи в Уральской области и Мангышлакском приставстве 1869-1970 годах» тақырыптарындағы еңбектер мен көлемді мақалалар жарияланған.

Маңғыстау түбегі туралы. Маңғышлақтағы қарулы қақтығыс туралы баянымызды бастамас бұрын өлке тұрғындарына қысқаша тоқталып кетуді жөн санадық. Шығыспен барлық су және керуен жолдары үстінде орналасқан Маңғыстаудың стратегиялық маңызы зор болатын. Сондықтан да Орталық Азия, одан әрі Үндістанға жол ашу үшін Ресей ХУІІІ ғасырдың бас кезінде өзіне бағындыруды көздеген. Осы мақсатта Каспий жағалауларына экспедициялар ұйымдастырылды. ХІХ ғасырдың бас кезіне дейін түбек түрікмендердің иелігінде болды. Император І Александрдың кезінде Ресейге бағынышты өлкеге айналды. Бағынышты дегеннің өзі формалды түрде болатын. Шындығында түбектегілер айтарлықтай тәуелсіздікте өмір сүрді. 1869 жылы даланы басқарып келген Орынбор ведомствосының екі бөлікке бөлінуіне байланысты Маңғыстау өңірі Орал облысына қаратылды. Осыған дейінгі уақыттарда өлке Орынбор шекаралық комиссиясының құрамында болды. Орыс жазба деректерінде мұнда негізінен Кіші жүз руларының ішіндегі адайлар өмір сүреді деп көрсетілген (Военный сборник, 1871: 5). Қарулы көтеріліс басталғанға дейін 10 000 шаңырақтан салық алынып келген. Алайда адайлықтардың нақты саны жергілікті отарлаушы билікке белгісіз болды. Ресми мәліметтерде адайлықтар 20 000 шаңырақтан тұрады деп көрсетілген. Ал өздерінің есептеуінше олар орта есеппен алғанда 30 000 шаңырақтан асқан (Военный сборник, 1871: 5). Қазақтарда адам басын санамайтын дәстүрдің болғанын ескерсек, бұл мәлімет те нақты болмауы мүмкін. Адайлықтардан өзге Бозашыны мекен еткен Беріш руы өкілдерінің 70 және 500 шаңырақтай түрікмендер тіркелген. Бұлардың барлығы, әсіресе адайлар Ресей бодандығын қабылдағанымен өздерін еркін санаған. Негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан көбінесе жылдың төрт мезгілінде емес, табиғат жағдайлары мен климатқа байланысты екі рет көшкен, яғни қыста қыстауға, жазда жайлауға қоныс аударған. Көршілері хиуалықтармен бейбіт қарым-қатынаста өмір сүрген.

Қақтығыстың басталуы. Ғылымда кез-келген соғыстың немесе қозғалыстың тарихын зерттеуде ең алдымен оның алғышарттары мен себептерінің анықталатыны белгілі. Мұның өзі оның басталуы мен барысын және маңызын немесе нәтижелерін шынайы көрсетуге мүмкіндік берді. Ғылымдағы осындай қағидадан шыға отырып, Маңғыстаудағы қарулы қақтығыстың себептерін жоғарыда аталған деректер бойынша анықтайтын болсақ, оның бастысы - патшалық Ресейдің отарлау саясатының күшеюі. Тарихтан белгілі, 1867 жылғы 11 шілдеде ІІ Александр патша «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы жобаны, 1868 жылғы 21 қазанда екінші жоба - Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша ережені» бекіту туралы жарлыққа қол қойды. «Уақытша ережелердің» екі жобасы да 1869 жылғы 1 мамырдан бастап енгізілетін болып ұйғарылды (Қазақстан тарихы, 2002:418). Алайда бұл Ережелер көшпелі халықтың, әсіресе Орал, Торғай және Маңғыстау қазақтарының ашу-ызасын туғызды. Салықтар мен міндеткерліктердің күрт көбеюі аталған өңірлерде халықтық бой көрсетулерге алып келді. Шаңырақ салығы 1 сом 50 тиыннан 3 сомға дейін көтерілді (Юдин, 1894: 144). Жаңа ережеге сәйкес қазақ даласын, соның ішінде Орал, Орынбор өңірлерін басқаруда да өзгерістер енгізілді. Осыған дейін Маңғыстау өлкесіне дистанциялық басқару түрі енгізілген болатын. Маңғыстауды басқарудың өзіндік жүйесіне старшындар, яғни ру басшылары тартылды. Старшындарының саны он еді: олардың бесеуі жоғарғы, бесеуі төменгі дистанция бастығына бағындырылды. Дистанция басшыларын Орынбор билеушілері құрметті, әрі ықпалды сұлтан, билердің ішінен таңдап, сайлады. Олар Александровский фортының комендантының құзырына

берілді. Форттың әскери бастығы капитан Зеленин болатын. Жоғарғы дистанцияны хорунжий Маяев, төменгіні хорунжий Колбин басқарды (Юдин, 1894: 144). Енді билеуші сұлтандардың, яғни аға сұлтандардың және дистанциялық бастықтардың орнына уезд басқарушылары тағайындалды. Бұл қазақ билеушілерінің наразылығын туғызды. Мұны қақтығыстың екінші себебі деп санаған жөн. Дүрбелең кезеңде алыпқашпа әңгімелердің, қаңқу сөздердің көбейетіндігі де белгілі. Жаңа ережелер енгізіле бастаған тұста халық арасында «енді қазақтарды шоқындырады екен, өмір бақи әскерге шақырылады екен», «еркін қазақтардың көпшілігі Жайық казактарына (Уральское казачество) құлдыққа беріледі екен» деген қауесеттер желдей есті. Мұның ақыры аласапыран мен толқуларға әкелді. Қазақтар ондаған жылдар бойы кек сақтап келген Жайық казактарына наразылықтарын мен ашу-ызасын жасыра алмады. Бас көтеру жылдам қарқын алды. Әуелде «жабайы, жыртқыш» адайлықтар Жайықтың арғы бетіне өтіп, казактардың малын айдап әкетіп, тонаушылықпен айналысты. «Бүлікшілер» Орынбор өлкесінің пост бастығының бұйрығымен Ембіге іс сапарға бара жатқан Орынбор казак жүздігінің (казачья сотня) подполковнигі Новокрещенов отрядына шабуыл жасады. Шығынға ұшыраған отряд әрең қашып құтылып, бекініске барып тығылды (Голованов 1871:28). Бүлікшілер форт бекінісіне дейін жақындады. Осылайша ұзақ жылдар бойғы төзім шегіне жетті, жаңа ереже азаттық үшін күрестің тағы бір ошағын алаулатты. Қақтығыстың негізгі қозғаушы күші қазақ шаруалары болды.

Оқиғаның барысы. Қарулы қақтығыстың одан әрі ширығуына 1869 жылдың соңында генерал-губернатор Веревкиннің Маңғыстау приставы етіп подполковник Рукинді тағайындауы ықпал етті. Рукин келе салып өзге де қазақ даласының салт-дәстүрінен, әлеуметтік-шаруашылық ерекшеліктерінен мақұрым билеушілер тәрізді орын алған ахуалдың анық-қанығына бармай, бірден салық жинау ісіне кірісті. Адайлықтардан шаңырақ салығын 1869 жыл үшін 3 сом 50 тиын көлемінде өтеуді талап етті. Алайда Рукиннің тағайындалуына дейін генерал-майор Веревкин адай руының екі дистанциялық бастығын Оралға (Уральск) шақырып, жаңа ереженің мәнін егжей-тегжейлі түсіндірді. Әскери губернатор Маяев пен Колбиннен жағдайдың қиындап кетпеуін өтінді. Екі басшы губернаторға бұл іске қолдау жасайтындықтарын, империяға адал қызмет ететіндіктерін білдірді. Губернатор тарапынан сый-сияпатқа бөленген басшылар Рукинмен бірге Александровск фортына қайтты (Уральские войсковые ведомости, 1870:34.). Рукинге Оралдан өзінің тағайындалу орнына жүрерде шаңырақ салығын жинауға байланысты қолына жазбаша нұсқаулық берілді. Он пункттен тұратын нұсқаулықта өлке тұрғындарын басқару үшін приставтықтың құрылғандығын және барлық мәселелер бойынша соған хабарласуларын түсіндіру, фортқа барлық ықпалды, құрметті, лауазымды адамдарды шақырып, жаңа ережені хабарлау, олармен келісімге келу, жаңа ереженің байырғы тұрғындардың көші-қонын, әдет-ғұрпын, наным-сенімін бұзбайтындығы, керісінше үкімет оларға қамқорлық жасайтындары, жаңа ережеге байсалды қараулары тиістігін өтіну туралы айтылды. Ережеге қарсы шыққандарды, түрлі қауесет таратушыларды өздерінің жазалауларын талап етті. Өйтпеген жағдайда шаруашылықтарына нұсқан келтіретін қатаң шара қолданылатындығы ескертілді. Әскери міндеткерлік үшін шаңырақ салығын жинау мүмкін болған жағдайда шағырақ санын нақты анықтау жұмысы қоса тапсырылды (Уральские войсковые ведомости, 1870: 34.). Нұсқаулықтың алтыншы пунктінде Маңғышлақтағы сауда жағдайына, оның дамуына кедергі келтіретін себептерді жоюға назар аудару, өлкедегі жалпы сауда мен өнеркәсіптің ахуалы турасында мәлімет беру талап етілді. Жетінші пунктінде жергілікті жердің табиғат байлықтарына, әсіресе көмір, мұнай, тұз кен орындарын назардан тыс қалдырмау керектігі айтылды. Сегізінші пунктінде жағалаудағы сауданы дамыту, оған қазақтарды тарту, тоғызыншысында қатынас жолдары туралы жазылды. Көрініп тұрғандай, жергілікті билік органдары түбекті толығымен отарлауды мықтап ойластырды. Рукинге тек салық жинау миссиясы ғана берілмеді. Оның міндетіне әлеуметтік-экономикалық мәселелерді реттеу тапсырылды. Олардың барлығын жауапкершілікпен әрі дұрыс

қадамдар жасау арқылы шешу өлкеде жергілікті биліктің ықпалын күшейтіп, өзіне бағындыруға мүмкіндік береді деп шешілді.

Қазақтың ата салтымен алыстан келген, жаңадан бастық болып тағайындалған Рукинге сәлем беру үшін түбектің шалғай аудандарынан билер ағылды. Олар өздеріне бекітілген орыс бастыққа көңілдері толатындығын, жаңа ереже турасында ең алдымен халықпен, әсіресе сардарлармен ақылдасулары керектігін жеткізді. Ол үшін арнайы мәжіліс ашып, оған сардарлар мен ықпалды адамдарды шақыру ұйғарылды. Бұл іс дистанция басшылары Маяев пен Колбинге жүктелді. Көпшіліктің салықты 1869 жылы 1 сом 50 тиыннан, ал келесі жылы 3 сом 50 тиыннан жинау туралы өтініші айтылды. Облыстық басқарма 1869 жылдың салығын бұрынғысынша жинауды шешті. Алайда Рукин адайлықтарға бұл оны жеңілдік емес орыс үкіметі мен жаңа бастықтың халыққа жасаған рақымшылығы ретінде көрсетуі тиіс болды. Ондағы ойы отарлаушы өкімет тек билік жүргізіп қана қоймайды, жергілікті халықты өзінің қамқорлығына алады, жағдайын жасайды деп сендіргісі келді. Артынша жоғарғы дистанция бастығы Маяев қарамағындағы бөлімшелерді басқарушылардан 1870 жыл үшін шаңырақ салығын жаңа ереже бойынша 3 сом 50 тиыннан төлеуге міндеттелген тізімдерді жинап берді. Төменгі дистанциядан осындай тізімдерді басқарушылар Аманжолов және Тубышев жинады (Уральские войсковые ведомости, 1870: 37). Жүмекей руының басшысы Күтім ғана ешқандай мәлімет бермеді. Осылайша жаңа ереже дистанцияның өкілдерімен қабылданып, бәрі болмаса да көпшіліктің қолдайтындығына сенім білдірілді.

Рукин адай сардарларын (ру басшыларын) өзіне келуді талап етті, себебі тізімдер приставтықта бекітілуі тиіс болатын. Оның халық арасында беделді Колбинге, оның екіжүзділігі, үкіметке жалған берілгендігі, қажетті мәліметтердің жылдам жиналуы Рукиннің дистанция басшыларына сенімсіздігін күшейтті. Осы кезде халық арасында салық бұрынғысынша 1 сом 50 тиыннан жиналады екен деген қауесет тарап кетті. Қазақтарды басқару ісінде тәжірибесі жоқ, адайлықтармен танысып үлгермеген Рукин салық жинау ісімен жеке айналысуды шешіп, әрекетке көшті. Осы кезде жергілікті тұрғындар құрбан айтты тойлап жатқан еді. Мереке аяқталғаннан соң қазақтар жайлауға көшуге тиіс болатын. Сондықтан да халықпен жақынырақ танысуды, қағазға түсірілген мәліметтердің шынайылығына, тұрғындардың орыс үкіметіне берілгендігінің дәрежесіне, жаңа ереженің дұрыс енгізілуіне көз жеткізуді көксеген Рукин приставтықтың бір бөлігін болса да аралап көруді жөн санады. Осы мақсатына қол жеткізуде ол қаруланған №1, 2, 3 Орал казак жүздіктерімен, яғни 40 атты казак пен 2 урядникті, 1 офицерді ертіп, наурыз айының басында казак даласына баруға қамданды. Отрядың барлық қаруларын, керек-жарақтарын, бір жарым айға жететін азық-түлікті 320 түйеге, 260 арбаға тиіп, 1870 жылдың 15 наурызында жолға шықты. Рукин сапарын бірден Бозащыға бағыттап, Қарағаш (Каракач) шығанағына, одан әрі оңтүстікке қарай Александров-Бай түбегіне бұрылып, 25 наурызда фортқа қайтып оралуды жоспарлады (Уральские войсковые ведомости, 1870: 38.). Онымен бірге 38 казак, 2 урядник, хорунжий Ливкин, пристав көмекшісі есаул Логинов, тілмәш Бекметов, құлат орақ бөлімшесінің сардары Табышев, ауыл старшинасы Қосшы (Коцей) Имбердинов, құпай Дүзбатыров, Орақ Жаулинов (Джавлинов), молда Бура Есенамалов, түрікмендерден ауыл старшинасы Атандек Жамаболов (Джамабулов) және қызмет көрсету үшін 5 адам болды. Әрбір адамға 40 патроннан және 45 күнге жететін азық-түлік алынды (Уральские войсковые ведомости, 1870: 38).

Бұдан өзге құрамында екі Орал жүздігі, бір Орынбор губерниялық батальоны бар екі отрядты бастаған подполковник, барон Фонь-Штемпель де қырға шықты. Олардың соңынан жоғары биліктегілерге үнемі ақпарат жеткізіп отырған Торғай облысының губернаторы Юрковский комиссиясынан 3 казак жүздігі қоса аттануға тиіс болды. Мұның бәрі қазақтардың «жабайы тобыры» тұтқиылдан шабуыл жасай қалса деген қорқыныштан жасалды. Себебі жазалаушы әскер әлсіз еді, қарулары да үнемі жетісе бермейтін. Сондықтан әскердің

кемшіліктерін көтерілісшілер алдында көрсетпес үшін барын салды. Оның үстіне өздерінің беделін арттыру және өлкеде «тәртіп орнатуға» бағытталған әрекеттерінің дұрыстығын паш еткілері келді. Юрковский комиссиясына қарасты отрядты бастап жүру Рукинге жүктелді.

Форттан 15 верст жол жүрген отряд Құрын (Курунь) сайына тоқтап, одан әрі Бұрла құдығына келіп қонды. Осы жердегі ауылдан қой сатып алуға барған урядник Багайдиннен қазақтар отрядты дұшпандықпен қарсы алуға дайындалып жатқандығы туралы мәлімет алды (Уральские войсковые ведомости 1870: 38). Көтерілісшілер Рукиннің әрекеттерін жіті бақылап, әрбір басқан қадамын аңдып отырған еді. Отряд бекіністен ұзап шықпай жатып, Рукинді далаға кіргізуге қарсы болған «жабайылар» тобы оның жолын тосты. Отряд Құнандөңге келгенде оған бірнеше адамы бар Маяев қосылды. Инебұзақ-Құмардан елді мекенінде Маяевтың жіберген адамдары «жабайылардың» сардар Иса Төленбаев және батыр Қара Мұрат Жолдыбаев бастаған 150 сарбаздан тұратын әскер жасақтағаны жөнінде хабар алды. Алайда Рукин олардың ешқайсысына сенбеді. «Қазақтар жиналғанымен жақсы қаруланған орыс отрядын көргенде тарап кетеді» деген Маяевтың пайымымен келісті. Отряд алдыға қарай жылжуды шешті. 22 наурызда жан-жақтан қазақ топтары көріне бастады. Қазақ жасақтарының көбейіп жатқандығы жөнінде хабар жеткізуші Қалдыбаев Иса Төленбаев жасағында 200 түйенің жиналғандығын, қарулары бар екендігін, Маяев пен Рукиннің жаңа ережені дұрыс енгізбей жатқандығы туралы айтты. Рукин Қалдыбаевты Исаға жіберіп, оған сенбейтін болса, келіп келіссөздер жасауына болатындығын жеткізді. Ал Иса болса айтылғандардың барлығын қағаз жүзінде растауды талап етті. 23 наурызда қайта оралған Қалдыбаев Иса есімдері аталған төрт адамды аманатқа беретіндігін, олардың орнына Маяевті босатуды талап етті. Сөйткенше болмай, отрядтың алдынан 100 адамнан тұратын «шайка» көрінді. Отряд жақындаған сайын кері шегініп, ешқандай дұшпандық әрекет жасамды. «Шайка» Ұсақ құдығына дейін отрядтың соңынан ілесіп отырды. Отрядының әлсіздігін білетін Рукин кешке қарай Қалдыбаевты тағы да бір жарым верст жерде орналасқан қазақ жасағына жіберді. Исаға егер отрядты қырып тастайтын болса, орыс үкіметі қазақ халқына ешбір аяусыздық танытпайтындығы жеткізілді.

Бімырт жабыла қазақ жасағы отрядқа оқ жаудырды. Екі жақ таң атқанша атысты. Жергілікті тұрғындардан жиналған күшті көрген Рукин фортқа Зелениннің атына құпия түрде көмек сұраған хат жөнелтті. Хатта Зелениннен шұғыл түрде адам күшін, қару-жаракты, азық-түлікті, дәрі-дәрмекті, дәрігерді жіберуін өтінді. Тез арада 20 адамнан тұратын казак отряды, 1 урядник, 1 офицер, 1 фельдшер және 1.600 патрон жинақталды. Отрядқа қажетті жылқылар жетіспегендіктен осы өңірде тұратын армяндардан сатып алды. Отрядтың бастаушысы би Маяевтің ұлы болып бекітілді (Юдин, 1894: 146).

Хатты жібергеннен кейін Рукин наурыздың 24-нен 25-не қараған түнді тыныш өткізді. Таңертең қазақтар оның айналасынан ұзақтап, шабуылдан бас тартқандай болып, тауларға барып жасырынып, жан-жаққа тарап кеткендей сыңай танытты. Рукин болса, қазақ жасақтарының тарап кеткендігіне көз жеткізбей фортқа қайтпақшы болды. Сөйтіп, лагерін тастап, жолға шықты. Екі шақырымдай (деректерде верст деп жазылған) жүргеннен кейін қазақ жасақтары оны қайтадан қоршап алды. Атыс басталып, адайлықтар азық-түлік тиелген түйелерді тартып алды (Юдин 1894:146). Рукин отрядын қоршаған көтерісшілер тобы оның алдыға жүруіне кедергі жасап отырды. Күні бойы отряд небәрі он шақырымдай ғана алдыға жылжыды. Фортқа барар жолда Каспий теңізінің жақын жерде үлкен жыра бар еді. Бір жағы осы жердегі балықшыларға, екінші жағы теңіз арқылы қайықпен фортқа жетуді ойлаған Рукин солай қарай беттеді. Алайда қазақтар ол жағын да ескеріп, алдын-ала ойластырып қойған-ды. Жыраны түгел жайлап алған қазақтар отрядтың жолын бөгеп, оның кері шегінуіне жол бермеді. Көтерілісшілердің қоршауында азық-түліксіз, ауыз сусыз қалған Рукин енді оларды көндіруді ойлап, келіссөз жүргізу мақсатында би Маяевты жіберді. Алайда әбден ашу-ызаға булыққан көтерілісшілер онымен

сөйлесуге, оның ығына жығылуға мүлде қарсы болды. Отрядтан бөлінуге аяқ басқан Маявқа руластары оқ жаудырды. Ол амалсыз орнына қайтуға мәжбүр болды.

Сөйткенше өлке түн жамылды. Көтерілісшілер айнала от жағып, казактарды аңдумен болды. Таңсәріде отрядқа үш қарусыз адам: екі би және бір старшина келіп, келіссөздер жүргізу үшін Рукиннің сенімді адамы, қазақ Косынканы (деректе осылай деп жазылған. Мүмкін есімі Қосын болар) талап етті. Ол отрядта жоқ болатын, себебі Рукин оны отрядтан аттандырып жіберген еді. Сондықтан көтерілісшілер Рукиннің өзін тілмәшпен келуін өтінді. Рукин қазақ тілін білетін есаул Логиновпен бірге көтерілісшілердің басшыларына аттанды.

Келіссөздер ұзақ созылмады. Қазақтар жағы казактардан қаруларын тастамаса қоршаудан шығармайтындықтарын жеткізді. Логинов казактарға қаруларын тастауға бұйрық берді. Жазалаушылар қаруларын бір жерге үйіп қойды. Осы сәтті қалт жібермей аңдып отырған көтерілісшілер отрядқа тарпа бас салды. Логиновтың мойнына арқан салып, түйеге байлады, ал Рукиннің қолында револьвері бар еді, өзіне қарсы жүгірген адамдарға оқ атты. Алайда тигізе алмады, ұзақ ойланбастан қаруды өзіне бағыттап, атып жіберді (Юдин, 1894: 147).

Осылайша көтерілісшілер 20-ға жуық жазалаушыны өлтіріп, тірі қалған 17 адамды тұтқындап, Рукиннің басын алып, оның жылқысымен бірге қолдау көрсетуге уәде берген Хиуа ханына жіберді (Юдин, 1894:147). Қақтығысты ары қарай жалғастырып, Сартан шығанағындағы Александров фортына қарасты Николаев станицасы тұрғындарының қайықтарын тонап, балықшылардан кек алды. Александров фортына қауіп төндірді. Бастаған істерінде жеткен жеңістері қарулы қақтығысқа қатысқандардың күрес шебі нығайып, елді жігерлендірді. Көтерілісшілердің жетекшісі Иса Тіленбаев қалың бұқараға басшылық етуде шеберлік және жазалаушылармен келіссөздерде дипломатиялық әдептілік танытты (Қазақстан тарихы, 2002: 422).

Александровск фортына шабуыл. Үш күннен кейін Рукинмен жолығыса алмай кері қайтқан отрядтан форттағылар Рукиннің өлтірілгендігі, Маңғыстау халқының жаппай көтеріліске шыққандығы туралы хабардар болды. Шындығында да маңғыстаулықтардың бәрі бірдей атқа қонған еді. Бас көтеру наурыздың ортасында басталып, сәуірде етек жайды. Маңғыстау түбегіндегі Кіші жүз рулары хиуалықтардың көмегінсіз-ақ бас көтеріп, атой салды. Деректерде өлке халқының саны бірде 20, бірде 30 мың шаңырық деп көрсетілген. Әр шаңырақтан қару ұстағандар кем дегенде 1-2 адам деп есептесек, көтерілісшілердің саны орта есеппен 30 мыңнан астам болған. Қарулы қатығыс кезінде әсіресе Байымбет, Жебеней, Жар, Адай руларының өкілдері қайтпас қайсарлықтарымен көзге түскен (Военный сборник, 1871: 5). Алайда орыс деректерінде қазақтар небәрі 15 мың адамнан тұратын жасақ құра алатын болған деген факті орын алған (Военный сборник, 1871: 5). Шындығында ел басына күн туған, аласапыран кезеңдерде қазақ үйде отырыпты дегенді естіп көрмеппіз. Ата-бабасы ат үсінде түн қатып, жаумен жағаласқан ұрпақтарының әлсіз болмағаны хақ. Елінің ертеңгі күнін ойлаған маңғыстаулықтардың болашағы шешіліп жатқан тұста қай-қайсысының шет қалуы мүмкін емес еді. Мұны отарлаушы елдің өкілдері де мойындап, өлкеде жаппай наразылық білдіріп жатқандар туралы «казактар өр мінезді, еркін, үкіметтің талаптарын орындауға асықпайтын, кез-келген әскери әрекетті соғыс театрына айналдырып жіберетіндер» (Военный сборник, 1871: 5), -деп жазды.

Фортта басшы ретінде қалған капитан Зеленин ахуалдың ушыққандығына көз жеткізгендіктен қорғаныс жағдайына көшіп, 27 наурызда қайықпен Гурьевке Орал облысы әскери басшысына және Астраханьге хабарлама (донесение) жіберді. Үш күннен соң, яғни 1 сәуірде Орынбор генерал-губернаторы генерал адъютант Крыжановский наразылықтың қыр-сырына қанықты.

Бекіністі шұғыл қорғаныс жағдайына көшіріп жатқанын білген көтерілісшілер Рукинді алдаған сияқты Зеленинді де алдау мақсатында оның жақсы танитын биі арқылы хат жіберді. Хатта Рукиннің қазақтармен тіл табыса алмағандығы, көтерілісшілер санының 5 мың адамнан асатындығы, сол себепті оның отрядымен қолға түскендері туралы айтылды. Енді Рукинде бекініске алып келетіндері және Зелениннің оны қарсы алуға шығу керектігі жазылды. Зеленин хатты алып келген биді тұтқындап, оның орнына бір кедейді көтерілісшілерге жіберіп, биді қарсы алуға бармайтындығын жеткізді. Көтеріліс басшысы туысының жау қолында қалғанына ашулы екенін, мұнысына жауап беретіндігі туралы хабар берді. Зеленин қазақтардан қорықпайтындығын және оларды «қонақжайлықпен қарсы алуға» дайын екендігін хабарлады. Зеленин қолға түскен би арқылы көтерілісшілердің жексенбі күні бекініске шабуыл жасайтындарын біліп алды (Юдин, 1894: 149).

Бекіністі айтылған күні шабуылдаған көтерілісшілер жауған оқтың астында қалды. Осылайша күндізгі әрекеттері сәтсіздікке ұшыраған топ бекініске түнгі уақыттарда шабуыл жасап, апта бойы казактардың берекесін қашырды. Алайда бекіністі ала алмады, өйткені оны қорғауға қосымша күш келген еді. Бекініске майора Архангельский бастаған екі рота жаяу әскер және граф Кутаисов бастаған екі рота атқыштар, 140 дағыстандық келген кезде көтерілісшілер далаға тереңдей еніп, көшіп кетті (Юдин, 1894: 150).

Көтерілісшілердің екпінді қарқыны мен қайтпастығын, бүкіл өлке тұрғындарын қамтығандығын көрген империяның жергілікті билеушілері подполковник, барон Фонт-Штемпель және Юрковский бастаған комиссияны қарсы аттандырды.

Қақтығыстың басылуы. Қозғалысты басуға басшылық жасау қолына шоғырландырылған граф Кутаисов «ең жабайы, дөрекі және жауынгер қазақтарды» тыныштандырудың өз жоспарын ұсынды. Алайда Кутаисовтан өзгелері бұл өлкені тыныштандырып қана қоймай, оны бағындыру керектігі туралы ұсыныс айтты. Өлкеге бүлікшіл орыс провинциясы ретінде емес, империяның жаңа, дұшпан, тәуелсіз ортаазиялық иелігі ретінде қарау қажет деп санайтындар кездесті. Мұндай пікір айтушылар бағындыру үшін бір ғана Александровск бекінісінің жеткіліксіздігін, халықты бағындырудан гөрі басқару, ал басқару үшін оны терең білу қажеттілігін қадап айтты. Олай етпеген жағдайда халық үнемі наразылық танытып, көтеріліс жасай беретіндігін ескертті. Көтерілістерді басу үшін орасан зор шығынның кететіндігі және бірнеше айларға созылатын әскери қимылдардың жасалуы тиістігін алдыға тартты. Шындығында да Маңғыстаудағы оқиғалар осыны көрсетіп берді. Рукин салық жинауға көшпес бұрын халықпен, оның жағдайымен етене танысуы тиіс еді. Сол кезде казак жүздіктерінің айтарлықтай уақыты өлкедегі «бүлікшілерді» басуға кетпеген, халықтың берекесі қашпаған болар еді. Империяның мүддесінде пікір білдірушілер бұл көтерілісті басқанымен адайдықтардың келесі бас көтерулерді ұйымдастыратындығына шек келтірмеді (Военный сборник, 1871: 5).

Дегенмен Графтың жоспарында «елдің ішіне тереңдей еніп, онда жергілікті адайлар өздерінің көшуі үшін қажет болған кезде айналып өте алмайтын бекіністерді алдын ала басып алып», сол арқылы олардың шетінен жолына кедергі жасау, «бағынуға мәжбүр ету» көзделді (Қазақстан тарихы 2002:422). Барон Штемпельдің және Юрковский комиссиясы түбектің әр жерінен көтерілісшілерге қарсы қимылдар жасаулары тиіс болды. Қазақтардың жасақтарын адам аяғы баспайтын шөл далаға кетіп қалмай, күш біріктіріп, қайта шабуыл жасамай тұрғанда жою бірінші кезекке қойылды. «Бүлікті жөргөгінде тұншықтыру үшін» «қолайлы бекіністер ретінде Кутаисов Маңғыстаудың Киндері шығанағынан және Үстірт қыратының солтүстік бөлігінде, Орынбор даласымен «көршілес» жатқан Сағым алқабынан жүз шақырым жердегі Бесақты шатқалын таңдап алды. Жоспар мақұлданған жағдайда бірінші бекіністе 6 рота жаяу әскер, 4 зеңбіректегі 6 жүздік бар атты әскер; екіншісінде - 2 рота, 3 зеңбірегі бар 4 жүздік шоғырландырылатын болып шешілді (Қазақстан тарихы 2002:422).

Граф Каспий теңізінің оңтүстігіндегі Красноводскіге жақын жердегі Александр-Бай сайында көшіп жүрген түікмендерге барып, түйе алып келу үшін капитан Багратион-Мухранский князьдің басшылығымен 140 дағыстандықты жіберді, себебі фортта бірде-бір түйе қалмады. Оларды қазақ жасақтары тартып алған болатын. Граф өзімен бірге 4 рота жаяу әскерді алып, далаға көтерілісшілерге кетті. Бекіністің жанына орналасқан армяндардың иелегінде қарамағында 70 солдат бар майор Архангельскийді қалдырды. Қандай жағдай болса да фортқа бармауды тапсырды. Ал бекіністе қолдарында 1809 жылы дайындалған қарулары бар 70 адам қалды (Юдин, 1894: 152). Бекіністі бұрынғысынша Зеленин басқарды. Айналадағы тауларда әскердің жолын бөгеп, тасада жатқан көтерілісшілерді көрген Зеленин Архангельскиймен күш біріктірді. Көтерілісшілер күндіз қарудың салдарынан көп шығынға ұшырағаннан гөрі бекініске түнде шабуыл жасауды жөн деп санады.

Күн батып бара жатқан кезде көтерілісшілер бекініске қарай лап қойды. Бекіністі қоршап алған қазақ жасағы фортқа қайтып келе жатқан граф әскеріне қарай беттеді. Олар граф әскерімен бірге Багратион князьдің және елуден астам дағыстандықтардың бар екенін білмеді. Үлкен әскерден бөлінген топ деп тапшылады. Екі жақ шайқасып, графты дағыстандықтар аман алып қалды. Шабуыл кезінде қазақтар графтың жылқысын, чемоданын, ішіндегі ақшасымен, заттарымен бірге тартып алды, бірақ жазалаушы отрядты жеңе алмады. Жасақты аман қалдыру үшін сарбаздар жан-жаққа тарап кетті (Юдин, 1894: 153). Графтың әскері дағыстандықтар болмағанда жеңіліске ұшырайтын еді. Орын алған жағдайды граф бірден Кавказға жеткізіп, шұғыл түрде тағы да көмек сұрады. Осылайша Александровск фортына 500 дағыстандықтар және толық құрамдағы атқыштар батальоны, қару-жарақ жеткізілді. Дағыстандықтардың келуіне орай жағдай өзгерді. Мұның барлығы қазақ көтерілісшілері қорқыту және орыс өкіметіне бағындыру үшін жасалды. Алайда әлі де болса жергілікті тұрғындардан құралған жасақтың мықтылығы орыс билігін алаңдатты. Қозғалыс жетекшілерінің Хиуа хандығына оның тарапынан сырттай қолдауды қамтамасыз етуге үміт артып делегация жіберуі жергілікті өкімет орындарын тағы да мазасыздандырды. Хиуа билеушісі адайлар қозғалысын қолдау үшін 4 зеңбірегі бар, 6 мың адамдық жасақпен қимыл жасауды ұйғарды. Бірақ шектес аудандарда Хиуаның әскери қыр көрсетуі нақты нәтижелер бермеді, дегенмен аймақтағы жағдайды едәуір шиеленістірді. хиуалық өкілдер қазақтардың христиан дініне кіргізілуі мүмкін екендігі туралы лақап таратып, адайларды қоздыруды тоқтатпады (Қазақстан тарихы, 2002: 423).

Фортқа әскер келгеннен кейін Кутаисов оларды ертіп Сарытас шығанағына кетті, өйткені көтерілісшілер жағалаудағы Николаевск станицасына шабуыл жасап, өртеп жіберген, форштадты тонаған «бүлікшілерді» жазалау еді. Бірақ қазақтар Хиуаға жақынырақ Үстіртке кетіп қалды. Жергілікті жердің ерекшелігін білмейтін отрядтың оларды қуып жетуі екі талай еді. Қазақтардың соңына түсу графтың өзіне және өлтірілген Рукиннің орнына Маңғыстау түбегінің бастығы болып жаңадан тағайындалған полковник Ломакинге тапсырылды. Ломакин бір ауылды шауып, 20 мың қойды, 2 мың жылқыны және 600 түйені айдап әкетті. Оңай олжаға батқан жазалаушылардың ісі оңға баспады, жол жөнекей көтерілісшілердің шабуылына кезігіп, малдан айрылып қалды. Граф малдан айрылып қалғандары туралы князь Меликовке мәлімдеме жасауға мәжбүр болды (Юдин 1894:155). Көтерілісшілердің күшін көрген князь Меликов бекініске өзі келді. Алайда бұл кезде «бүлікшілер» хиуамен шектес аудандарға көшіп кеткен еді.

Рукиннің сәтсіз «сапарынан» кейін көтерілісшілерді басу үшін жасақталған жазалаушы отрядтардың жұмылдырылуы бір жағынан казактардың әскерін «бұратана халыққа» паш ету, қыр көрсету болса, екінші жағынан қазақ ауылдарының тұтастай көтеріліп, орасан зор күшке айналуынан жергілікті билік қатты сескенді. Сол себепті тұтастай Орал казак жүздігі Маңғыстаудың түкпір-түкірін аралауға жіберілді. Ломакин бастаған жүздік Жайық (Е. Пугачев бастаған көтерілісті басып, жаншу кезінде өзеннің атауы Урал деп өзгертілді) өзенінің сол

жағалауына шығып, Барбашева өзеніне қарай жазалаушы отрядтың «салтанатты шеруін» жасап жылжып, далаға бет алды. Үш сағат жол жүріп, Хан көлге (Хан-Куль) станицасына келіп тоқтады. Аялдамаларында әскердің барлық ережелерін сақтап, 30 шақты жылқыны байлауда ұстап, дабыл қағылған жағдайда дайын болудың амалдарын жасады. Чунак-Анкаты деп аталатын станицада да әскери тәртіп қатаң сақталды. Отряд Куперле-Анкаты өзенінің бойындағы станицада түстеніп, Танась-Анкатыдағы станицаға келген бойда Юрковский жіберген мәлімет алды. Хабардың мәнісі мынадай: бірі - барона Штемпель отрядын Жамансай деген жерде көтерілісшілердің 20 мың адамнан тұратын тобы қоршауға алған. Отрядтың жағдайы мүшкіл, сондықтан да Калмыковск бекінісіне кері қайтуға мәжбүр. Екіншісі - қазақтар отрядты кірпік қақпай қарап отыр, оңтайлы сәтте үлкен топпен шабуыл жасап, оны құртып жібермекші (Уральские войсковые ведомости. 1870:38). Жағымсыз хабар алған отрядқа барона Штемпель әскерінің күйін кешпес үшін Юрковский жүздіктерге Илецк қалашығына қарай кері жүруді бұйырды. Ертеңіне отряд Танась-Анкаты өзенінен солтүстік-шығысқа қарай сап түзеді. Станицадан кетерде көшпенділердің жинап қойған шөбі қаса-қана өртелді (Уральские войсковые ведомости, 1870: 41). Казактардың көшпенділерге қатысты мұндай әрекеттерді бұйрықсыз жасамауды қатаң тапсырды. Мұның соңы жақсылыққа әкелмейтіндігі түсінікті еді. Келесі күндері Юрковский Илецк қалашығына жүріп кетті, ал отряд болса қазақ даласына тереңдеп ене берді. Казактар отрядының ендігі ойы барон Штемпель отрядымен қосылу болды. Қармақсай, Ақбұлақ, Шегерді, Өлеңті, Бұлдырықты таулары мен өзендерінен өткен отряд тезірек Штемпель әскерімен кездесуді көкседі. Тұс тұстан жортқан отрядтарды қазақ жасақтары аңдып, оңтайлы сәтте шабуыл жасап отырды. Отрядты қоршап, қаруларын, түйелерін, жылқыларын тартып алды. Сондай сәттердің бірінде көтерілісшілер жасағы Штемпель отрядын қоршады. Қоршауда қалған отряд әуірімдеп аман қалып, Қазбек сайында қарсылық көрсетіп, ақыры Калмыковск бекінісіне қарай шегінген болатын. Бұлардың ешқайсысынан хабары жоқ жазалаушы отряд ілгері жүріп, Көкөлең (Кук-Улякь) станицасына келіп жетті. Осы жерде түнеп шығуды ойлаған отряд жергілікті тұрғындар жауып кеткен құдықтардың бетін ашпақшы болды. Алайда оның сәті түспеді (Уральские войсковые ведомости, 1870: 41). Жаудың күшін әлсірету, ең далада сусыз қалдыру мақсатында көшпенді қазақтар атам заманнан құдықтарды жауып кететін. Оларды жабудың да, ашудың да өзіндік құпиясы қалыптасқан. Оның үстіне бұл іс көп уақыт пен еңбекті талап ететін. Казак отрядының оны білуі мүмкін емес-ті. Сондықтан отряд ілгері жылжып, Сабын көлдің (Сабынь-Куль) жағасына келіп түнеді. Бұлдырықтан (Бундургды) шығарда арбашылардың бір бөлігі бір айдың ішінде қайта оралып, азық-түлік алып келу үшін бөлініп, бекініске қайтты. Көтерілісшілердің тұқиылдан шабуыл жасауынан сескенген басшы Сабын көлден кетерде корнет Меркульевке 40 казак пен 1 урядникті алып, Қантығайтыға Қанды-Гайты өзеніне дейінгі жолды барлау тапсырылды. Шағын топ жолда жылқылардың іздерін, алыста біресе көрініп, біресе көзден ғайып болып кететін «шайканы» көрді. Айтарлықтай ештеңені байқамаған Меркульев тобы отрядқа қайтып оралды. Жетікөл (Дзитакуль) маңында жүздік Ереминмен тағы да 40 казакты барлауға жіберіп алды. Олар да ештеңені байқамай қайтып келді. Жетікөлде 3-4 сағат дем алған отряд Жаксыбай (Джаксыбай) өзеніне қарай кері жүруге мәжбүр болды, өйткені осы жерде отряд басшысы Орал облысы әскери губернаторынан құпия бұйрық алды. Отрядқа шұғыл түрде Калмыковск бекінісіне қарай жүру бұйырылды. «Бүлікшілер» шабуыл жасаған жағдайда көмек алатындай бекіністен алыс емес тұста орналасу қажеттілігі және әскери губернатордың тікелей басшылығымен келе жақтан отрядты күту қатаң тапсырылды. Барона Штемпель отрядының Калмыковск бекінісіне жеткендігі айтылды. Ал шабармандар Жетікөл маңында қарулы бүлікшілердің Штемпель отрядына шабуыл жасағаны туралы хабар жеткізді. Бекініске қарай дамылсыз жүрген Ломакин отряды Жалғызаш (Джангизь-Ачач) шатқалында әскери губернатордың жасағын күтуді шешті (Голованов, 1871: 29). Отрядтың тоқтағанын естіген

көтерілісшілер қарсы шабуылға шығуға бел байлады. Алайда Калмыковск бекінісінен әскери губернатор, подполковник Веревкин және граф Комаровский бастаған біріккен жазалаушы отрядтың бүлікшілерді талқандауға шыққанын естіп, ордалықтар кері шегінді. Осыдан кейін көтерілісшілер бірнеше топқа бөлініп, «шайка» болып әрекет жасауға көшті (Голованов, 1871: 29). Веревкин отрядына шабуыл жасап, олардың әлсіздігін пайдаланды. Алайда әскери губернатор шұғыл қимылдап, оған Ломакин отрядын қосты. Қалған әскер жорықты жалғастыру үшін барон Штемпельге тапсырылды. Көтерілісшілер жазалаушы отрядтарға қарсы қайта-қайта қырғидай тиіп, мазаларын ала берді. Ойыл өзенінің сол жағалауында жазалаушылар лагерінен 15 шақырым жерде бүлікшілер генерал Веревкин бастаған отрядқа 2 мың адамнан құралған қазақ жасағы шабуыл жасады. Отрядтың биіктеу жерге орналасуы және жақсы қарулануы жасақтың жеңіске жетуіне жол бермеді. Күштің жазалаушылар жағында екендігін сезген «бүлікшілер» жылдам тарап кетті (Голованов 1871:30). Соңдарынан қуу үшін №2 Орал жүздігінің Артамон Ротнов басқарған взводы жіберілді. «Бүлікшілер» кішкене шоқылардың жанында взводты қоршап алды. Алыстан осының бәрін байқап тұрған біріктірілген әскер қоршаудағыларды құтқару үшін 150-дей адамды аттандырды. Жазалаушылар күшінің басымдылығын көрген жасақ қылыштарымен, найзаларымен айбат көрсетіп, жазалаушыларды бірнеше рет айналып, қырға беттеп, жоқ болып кетті (Голованов, 1871: 30).

Шілденің басынан «бүлікші орда рулардың сардарлары мен старшиндері генералға келіп, жаңа ережені мойындауға дайын екендіктерін білдірді. Жиырмасыншы шілдеге қарай ережеге бағынатындардың саны 20840 шаңыраққа жетті (Голованов, 1871: 33). Дегенмен халық әлі де шаңырақ салығының көбейтілгеніне наразылық танытып, күш біріктіруге ұмтылды. Әсіресе адайлықтардың үштен бірі орыс үкіметінің талаптарына бағынудан бас тартты. Әлі де болса бірігіп, өздерінің еркіндігін сақтап қалуға ұмтылды. Шілденің жиырмасында Кенже шатқалына жақын жерде кете руынан жинақталған жасақ №2 Орал жүздігіне шабуыл жасады. Алайда шаңы аспанға көтеріліп келе жатқан колоннаны көрген «бүлікшілер» ауылды тастап қашып кетуге мәжбүр болды (Голованов 1871:34). Әскер басшысы ауылда қалған біраз мүйізді ірі қара малды және қойды айдап әкетуді бұйырды.

Империяның жергілікті органдары өздерінің билігін қолындағы қару арқылы жүргізе алатынына Ойыл өзенінен Тайсойғанға дейін жүріп өткен казак әскерінің «шеруі» арқылы көз жеткізуге тырысты (Военный сборник, 1871: 5). Ақиқатында жазалаушы әскердің күші соншалықты көп әрі мығым емес еді. Соны байқаған орыс қоғамы өз ойын ашық айтудан жасқанбады. Орыс басылымдарында «ордалықтардың жаңа ережеге бағынулары аласапыранды тоқтаудан, дағыстандықтардың қарудың арқасында жеңіске жетулерінен, тұрғындардың казактардан қорқуы салдары еместігі» туралы пікір айтылды. Журнал беттерінде көтерілісшілер күресті құрғақшылықтың салдарынан келе-келе түйеге, үйір-үйір жылқыға, табын-табын сиырға, қора-қора қойға азықтың жетіспеушілігіне, бай-қуаттылар саудасының тоқырауына, Хиуадан әкелінетін ұнның тапшылығына байланысты тоқтатты деп жазылды (Военный сборник, 1871: 5). Бұны қарулы қақтығыстың аяқталуының бір себебі деп есептесек, бастысы қазақ шаруалары өз қатарын берік біріктіруге қол жеткізе алмады, мұның өзі саны жөнінен болмашы жазалаушы отрядтардың халық қарсылығының негізгі ошақтарын тұншықтыруына мүмкіндік берді; қазақ шаруаларының рулық тар өрісті мүдделері отаршыл империяның әскери құрамаларынан өзінің ұйымдасуы жағынан едәуір кем түскен көтерілісшілер жасақтарындағы тұрақтамаушылықты туғызды. Көтерілістің ішінара рулық үстем топқа, ал кейде жоғары көшпелі ақсүйектерге жататын басшылары екіжүзділік көрсетіп, әр түрлі тұрғыдағы көзқарас ұстанды (Қазақстан тарихы, 2002: 423)

Қорытынды

Осылайша 1870 жылдың тамыз айында жарты жылдай уақытқа созылған Маңғыстаудағы қарулы қақтығыс аяқталды. Ашық наразылыққа шыққан қазақ жасақтары жеңіліске ұшырады. Қақтығыстың зардаптары да орын алды. Елдің шаруашылығы күйзелді, халықтың берекесі қашты. Маңғыстаулықтардың біразы Үстірке көшіп кетті. Өлке тұрғындары жаңа ережеге бағынуға мәжбүр болды. Ресейдің мерзімді басылымдарын дүрліктірген «жабайы қырғыздардың бас көтеруі» орыс үкіметін ойландырды. Үкімет «бұратаналарды» бағындырудан гөрі басқару қажеттігін анық байқады. Орыс атқамінерлері жергілікті халықтың мүддесімен санасу керектігін де ескерді. Осы тұрғыдан алғанда Маңғыстаудағы қарулы қақтығыс орыс үкіметі үшін үлкен сабақ болды. Қарулы қақтығыс шағын сипатта болғанымен, оның географиялық шеңбері тым ауқымды болды. Қақтығыс бүкіл дерлік Батыс Қазақстан, солтүстік Қазақстанның бір бөлігін қамтыды. Орыс үкіметіне уақытында қазақ даласына «Уақытша ережені» енгізуге кедергі жасады. Шаңырақ салығын жинауды қиындатты (Қазақстан тарихы, 2002: 424). Салық жинап қана қоймай, өлкені тұтастай өзіне бағындыруға бет бұрған орыс үкіметінің жоспары біраз уақытқа кейінге шегерілді. Қазақ халқы тағы да өзінің тәуелсіздігі барлық құндылықтардан жоғары екендігін дәлелдеді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Голованов В. Изъ походныхъ записокъ о дѣйствіяхъ въ степи въ 1869 году. //Уральскія войсковыя вѣдомости 1871, 11-го июля. №28.
- Голованов В. Изъ походныхъ записокъ о дѣйствіяхъ въ степи въ 1869 году// Уральскія войсковыя вѣдомости 1871, 18-го июля. №29.
- Голованов В. Изъ походныхъ записокъ о дѣйствіяхъ въ степи въ 1869 году// Уральскія войсковыя вѣдомости 1871, 25-го июля. №30.
- Голованов В. Изъ походныхъ записокъ о дѣйствіяхъ въ степи въ 1869 году// Уральскія войсковыя вѣдомости 1871, 25-го июля. №30.
- Голованов В. Изъ походныхъ записокъ о дѣйствіяхъ въ степи въ 1869 году// Уральскія войсковыя вѣдомости 1871, 25-го июля. №33.
- Голованов В. Изъ походныхъ записокъ о дѣйствіяхъ въ степи въ 1869 году//Уральскія войсковыя вѣдомости 1871, 22-го августа. №34.
- Қазақстан тарихы. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-т. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
- Нұрсұлтан Назарбаев: Ұлы Даланың жеті қыры.– [Электронды ресурc]. 2018. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-zheti-qyru> (қаралған күні: 23.11.2018).
- Нѣсколько словъ по поводу послѣдняго возстанія киргизовъ на Манглышлакскомъ полуостровѣ// Военный сборник 1871 май. №5.
- События в степи в Уральской области и Мангышлакском приставстве 1869-1970 годах// Уральские войсковые ведомости. 1870. №34.
- События в степи в Уральской области и Мангышлакском приставстве 1869-1970 годах// Уральские войсковые ведомости. 1870. 20 сентября. №37.
- События в степи в Уральской области и Мангышлакском приставстве 1869-1970 годах// Уральские войсковые ведомости. 1870. 27 сентября. №38.
- События в степи в Уральской области и Мангышлакском приставстве 1869-1970 годах// Уральские войсковые ведомости. 1870, 27 сентября. 18 октября. №41.
- Юдин П. Адаевский бунт на полуострове Мангышлак в 1870 г.// Русская старина. 1894. Июль. –Санкт-Петербург, 1894. – С.135-156.

REFERENCES

- Golovanov V. Iz pohodnyh zapisok o dejstviyah v stepi v 1869 godu. //Uralskiya vojskovyya vedomosti 1871, 11-go iyulya. №28.
- Golovanov V. Iz pohodnyh zapisok o deistviyah v stepi v 1869 godu// Uralskiya vojskovyya vedomosti 1871, 18-go iyulya. №29.

- Golovanov V. Iz pohodnyh zapisok o dejstviyah v stepi v 1869 godu// Uralskiya vojskovyya vedomosti 1871, 25-go iyulya. №30.
- Golovanov V. Iz pohodnyh zapisok o dejstviyah v stepi v 1869 godu// Uralskiya vojskovyya vedomosti 1871, 25-go iyulya. №30.
- Golovanov V. Iz pohodnyh zapisok o dejstviyah v stepi v 1869 godu// Uralskiya vojskovyya vedomosti 1871, 25-go iyulya. №33.
- Golovanov V. Iz pohodnyh zapisok o dejstviyah v stepi v 1869 godu//Uralskiya vojskovyya vedomosti 1871, 22-go avgusta. №34.
- Qazaqstan tarihy. Kone zamannan byginge deyin. Bes tomdyq. 3-t. – Almaty: «Atamura», 2002. – 768b.
- Neskolko slov po povodu posliadnyago vozstaniya kirgizov na Manglyshlaxskom poluostrove// Voennyj sbornik 1871 Nursultan Nazarbaev: Uly Dalanyn zhetikyry: [Elektrondy resurs]. 2018. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyry> (qaralgan kyni: 23.11.2018).
- Sobytiya v stepi v Uralskoy oblasti I Mangyshlaxskom pristavstve 1869-1970 godah// Uralskie vojskovye vedomosti. 1870. №34.
- Sobytiya v stepi v Uralskoj oblasti i Mangyshlaxskom pristavstve 1869-1970 godah// Uralskie vojskovye vedomosti. 1870. 20 sentyabrya. №37.
- Sobytiya v stepi v Uralskoj oblasti i Mangyshlaxskom pristavstve 1869-1970 godah// Uraskie vojskovye vedomosti. 1870. 27 sentyabrya. №38.
- Sobytiya v stepi v Uraskoj oblasti i Mangyshlaxskom pristavstve 1869-1970 godah// Uralskie vojskovye vedomosti. 1870. 27 sentyabrya. 18 oktyabrya. №41.
- Yudin P. Adaevskij bunt na poluostrove Mangyshchlak v 1870 g.// Russkaya starina. 1894. Iyul. Sankt-Peterburg, 1894. – S.135-156.

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М. Шаншарбек У. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІГУІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	16
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ШУ Өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің стратиграфиясы (X-XII ғғ.).....	25
Атығаев Н.Ә. Тағы да қасым ханның қайтыс болған уақыты мен жерленген жері туралы.....	41
Ахантаева Ә.Ж. Қазақ халқында егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптар мен жора-жосындар, аңыз- әпсаналар.....	48
Бахтыбаев М.М. Н.Н. Пантусовтың жетісу ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесі.....	60
Билалов С.У., Тәжекеев Ә.Ә., Дәрменов Р.Т. ертеортағасырлық сортөбе 1 қалашығында жүргізілген археологиялық жұмыстар.....	77
Ғалиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. Ұлы Жібек жолынан «Бір белдеу және бір жолға».....	89
Джумагазиева А.Н. Ирандағы саяси өмірдің революциядан кейінгі исламизациясы.....	103
Жылгелді Ж.С. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұжымдастыру тарихының деректік негіздері (Шығыс Қазақстан мысалында).....	115
Жылқышыбаева Қ.Қ. Еуропадағы ғалымдардың тарихи білімге қатысты көзқарастары: тарихи-философиялық талдау.....	122
Ибраева А.Ғ., Садықов Т.С., Темірханова Ә.С. Академик манаш қозыбаевтың хакім Абай туралы зерттеулері хақында.....	136
Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С. Ғасырлардан сыр шерткен – солтүстік Қазақстан (тарихи-салыстырмалы талдау).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. Скрипкашы Әлім Алматы (Ғалымжан Әбсәламов) және оның музыкант ретінде қалыптасуы.....	159
Ильясова К.М. Миллион иероглифтан тұратын манускрипт (проф. Т.З. Қайыркеннің «Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы» қолжазбасын зерттеу жобасы негізінде).....	174
Иманалиева Е. XVI ғ. қазақ хандығының сыртқы саяси қарым-қатынастарының бағыты мен ерекшеліктері.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. Ембі мұнайлы ауданының даму тарихы және алғашқы мұнай кәсіпшіліктері.....	193
Исова Л., Апасатарова Г. Қазіргі геосаяси үдерістер ауқымындағы.....	199
Кәрібаев Б.Б., Нұрғазина Н.Д. Әз-Жәнібек ханның тарихи тұлғасы (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде).....	211
Күлдібаев Е.Қ., Саркулова С.Д. XX ғасырдың 30-жылдарындағы өнер қайраткерлерінің қуғындалуы.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. Ортағасырлық жазба деректердегі испиджаб және оның төңірегіндегі қалалар мен елді мекендер.....	242

Қартабаева Е.Т. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ.....	253
Қойгелдиев М.Қ. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – БІЗ ҮШІН ЕУРОПА ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН ЖАТ ТӨҢКЕРІС.....	265
Мажихбаева Ш.О. 1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕТ ЕЛГЕ БОСУЫ.....	273
Мажихқызы Н. ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З. ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	286
Мұхатова О.Х., Садвокасова З.Т. МАҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС.....	293
Мұхитов Қ. ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ.....	307
Мұхитов Қ.С. МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ.....	318
Надырбеков Н.К. ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ.....	326
Оспанғалиев Қ.Ә. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ БҮКЛІРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТІ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР.....	350
Рахбаев Қ.Қ. ЖЕЛТАУ МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ XX Ғ. БАСЫ).....	363
Садыкова А.М. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ...371	371
Сүгірбаева Г.Д., Исабек Б.Қ., Омарбаев Ы.К. ҚАЗАҚ КСР БОЙЫНША ШЕТЕЛГЕ БАРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТӘРТІПТЕРІ: ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ.....	379
Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІС ӨНІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ: КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М. СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ «ДОСАН БАТЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР.....	395
Толамисов А.Ғ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ "КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРДЫҢ" РӨЛІ.....	417
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. XIX-Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX-Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТАРДЫ ӨНДЕУ ӨНДІРІСТЕРІ.....	425
Ужженов Е.М., Шотанова Ғ.А. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРЫ (XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. басы).....	437
Хабиханова Г.Б., Алмагамбетова А.М. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ОҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ.....	452
Шашаев Ә.Қ., Смагулов Б.Қ., Тылахметова А.С. ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ҚАБІР ҮСТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ.....	460
Шілдебай С.Қ. СЕЙІТҚАЛИ МЕНДЕШЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ.....	472

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М., Шаншарбек У. ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КОНСОЛИДАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ.....	16
Акымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.).....	25
Атыгаев Н.А. ЕЩЕ РАЗ О ВРЕМЕНИ СМЕРТИ И МЕСТЕ ЗАХОРОНЕНИЯ КАСЫМ-ХАНА.....	41
Ахантаева А.Ж. ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ.....	48
Бахтыбаев М.М. ВКЛАД Н.Н. ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИЕ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ.....	60
Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СОРТОБЕ I.....	77
Галиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. ОТ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ К «ПОЯСУ И ПУТИ».....	89
Джумагазиева А.Н. ПОСТРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСЛАМИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ИРАНЕ.....	103
Жылгелді Ж.С. ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В 20-30 ЛЕТ XX ВЕКА.....	115
Жылкышыбаева К.К. ВЗГЛЯДЫ НА ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ УЧЕНЫХ В ЕВРОПЕ: ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ.....	122
Ибраева А.Г., Садыков Т.С., Темирханова А.С. ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА.....	136
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН СКВОЗЬ ВЕКОВ (историко-сравнительный анализ).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. СКРИПАЧ АЛИМ АЛМАТ (ГАЛИМЖАН АБСАЛЯМОВ) И ЕГО СТАНОВЛЕНИЕ КАК МУЗЫКАНТА.....	159
Ильясова К.М. МАНУСКРИПТ СОСТОЯЩИЙ ИЗ МИЛЛИОНА ИЕРОГЛИФОВ (по проектам исследования рукописей «Су Бэйхай. Общая история казахов» проведенных проф. Турсунханом Закенулы Кайыркеном).....	174
Иманалиева Е. ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVI ВЕКЕ.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УРАЛО-ЭМБИНСКОГО НЕФТЯНОГО РАЙОНА И ПЕРВЫЕ НЕФТЕПРОМЫСЛЫ....	193
Исова Л., Апсаттарова Г. ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ.....	199
Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА(на основе восточных нарративов и генеалогических мифов казахов).....	211
Кулдибаев Е.К., Саркулова С.Д. ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	242
Картабаева Е.Т. ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ.....	253
Койгелдиев М.К. МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: ИДЕЯ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ ДЛЯ НАС БЫЛА ЧУЖАЯ.....	265
Мажибаева Ш.О. МАССОВОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ ЗА РУБЕЖ В 1928-1933 ГОДЫ.....	273

Мажикзы Н. ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ У КАЗАХОВ КИТАЯ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З. ОРГАНИЗАЦИЯ ИСЛАМСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА.....	286
Мухатова О.Х., Садвокасова З.Т. ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ.....	293
Мухитов К. КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ.....	307
Мухитов К. СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ.....	318
Надырбеков Н.К. САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	326
Оспангалиев К.А. О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М. САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИИ В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ.....	350
Рахбаев К.К. ИСТОРИЯ ЖЕЛТАУСКИХ МЕЧЕТЕЙ (СЕРЕДИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ).....	363
Садыкова А.М. ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ В ПЕРИОД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....	371
Сугирбаева Г.Д., Исабек Б.К., Омарбаев Ы.К. ПОРЯДОК РЕГИСТРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ ВЫЕЗДА ЗА ГРАНИЦУ В КАЗАХСКОЙ ССР: ПЕРИОД ЗАСТОЯ.....	379
Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С. АКТИВНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ ПРИИРТЫШЬЯ 80-Е ГОДЫ XX ВЕКА: КЛАССИФИКАЦИЯ И МЕТОДЫ.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М. ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ В ДАСТАНЕ С.ЖАНГАБЫЛОВА «ДОСАН БАТЫР».....	395
Толамисов А.Г. ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСКИХ ДИАСПОР И РОЛЬ «МАЛЫХ КУРУЛТАЕВ».....	417
Тулбаев Т.А., Абикинова Г.Е. ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ОБРАБОТКА МИНЕРАЛЬНОГО СЫРЬЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX.....	425
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ВНЕШНИЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ (вторая половина XVIII - начало XIX вв.).....	437
Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЛЕМЕНАМИ КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА И ОГУЗАМИ.....	452
Шашаев А. К., Смагулов Б. К., Тылахметова А.С. НАМОГИЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ.....	460
Шилдебай С.К. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СЕЙТКАЛИ МЕНДЕШЕВА.....	472

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Nuskabay P.P., Sabanchieva Zh.M. INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA RESHID PASHA.....	5
Azmukhanova A., Egamberdiyev M., Shansharbek U. PROBLEMS OF STUDYING CONSOLIDATION AND COOPERATION OF TURKIC PEOPLES OF THE LATE XIX - EARLY XX CENTURIES.....	16
Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S. THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.).....	25
Atygayev N.A. ONCE AGAIN ABOUT THE TIME OF DEATH AND THE PLACE OF BURIAL KASYM-KHAN.....	41
Akhantaeva A.Zh. THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDS RELATED TO AGRICULTURE.....	48
Bakhtybaev M.M. N.N. PANTUSOV'S CONTRIBUTION IN THE STUDY OF THE MONUMENT OF THE SEMIRECHYE.....	60
Bilalov S.U., Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T. ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT.....	77
Galiev A.A., Ustemirova A.O., Kydyrgozhy B.M. OF SORTOBE 1 FROM GREAT SILK ROAD TO "ONE BELT ONE ROAD".....	89
Jumagazyeva A.N. POST-REVOLUTIONARY ISLAMIZATION OF POLITICAL LIFE IN IRAN.....	103
Zhylgeldi Zh.S. SOURCES OF HISTORY OF COLLECTIVIZATION IN 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	115
Zhylkyshybayeva K.K. VIEWS ON THE HISTORICAL EDUCATION OF SCIENTISTS IN EUROPE: A HISTORICAL-PHILOSOPHICAL ANALYSIS.....	122
Ibraeva A.G., Sadykov T.S., Temirkhanova A.S. RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV.....	136
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. NORTH KAZAKHSTAN THROUGH THE AGES (historical and comparative analysis).....	147
Ilyassova K.M., Baimanov A.A. VIOLINIST ALIM ALMAT (GALIMZHAN ABSALYAMOV) AND HIS PATH OF BECOMING AS A MUSICIAN.....	159
Ilyassova K.M. A MANUSCRIPT CONSISTING OF MILLION HIEROGLYPHICS (on manuscript research projects «Su Beihai. The general history of the Kazakhs» conducted by Prof. Tursunkhan Zakenuly Kayirken).....	174
Imanalieva E. GOALS AND FEATURES OF KAZAKH KHANATE'S FOREIGN POLITICAL RELATIONS IN THE XVI CENTURY.....	187
Ismailov S. S., Yerisheva A.A. HISTORY OF DEVELOPMENT OF THE URAL-EMBINSKY OIL REGION AND THE FIRST OIL FIELDS.....	193
Isova L., Apsattarova G. RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES.....	199
Karibayev B.B., Nurtazina N.D. HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and genealogical myths of Kazakhs).....	211
Kuldybaev E., Sarkulova S. THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S.....	232
Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S. SISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES.....	242
Kartabayeva E.T. SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM.....	253
Koigeldiyev M. MAGZHAN ZHUMABAYEV: THE IDEA OF THE OCTOBER REVOLUTION WAS FOREIGN TO US.....	265

Mazhibayeva Sh.O.	
MASS MIGRATION OF KAZAKHS ABROAD IN 1928-1933.....	273
Mazhikyzy N.	
LEATHER TREATMENT ART AT THE CHINESE KAZAKHS.....	279
Makasheva K.N., Shalkeyeva Z.	
ORGANIZATION OF ISLAMIC COOPERATION AND THE EUROPEAN UNION: MAIN AREAS OF COOPERATION.....	286
Mukhatova O., Sadvokasova Z.T.	
THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU.....	293
Mukhitov K.	
KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE.....	307
Mukhitov K.	
CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY.....	318
Nadyrbekov N.K.	
SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN.....	326
Ospangaliev K.A.	
ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION.....	340
Razdykov S.Z., Zainov A.M.	
SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES.....	350
Rakhbayev K.K.	
HISTORY OF ZHELTAU MOSQUES (MID-XIX-EARLY XX CENTURIES).....	363
Sadykova A.M.	
POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN RELATION TO RELIGION DURING WORLD WAR II.....	371
Sugirbayeva G.D., Issabek B.K., Omarbayev Y.K.	
REGISTRATION SYSTEM PROCEDURE FOR DOCUMENTING TRAVEL ABROAD IN THE KAZAKH SSR: PERIOD OF STAGNATION.....	379
Syzdykova A., Moldakimova A.	
ACTIVITY OF ECOLOGICAL MOVEMENTS OF PRIYRTISHIYA IN THE 80s OF THE XX CENTURY: CLASSIFICATION AND METHODS.....	388
Taiman S.T., Sugurbay M.	
HISTORICAL SOURCES IN THE EPIC POEM OF S.ZHANGABYLOV «DOSAN BATYR».....	395
Tolamissova A.G.	
INTEGRATION OF THE KAZAKH DIASPORES AND THE ROLE OF «SMALL KURULTAIS».....	417
Tulebaev T.A., Abikenova G.E.	
PRODUCTION OF BUILDING MATERIALS AND PROCESSING OF MINERAL RAW MATERIALS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN IN THE SECONDHALF OF THE 19TH - EARLY 20TH CENTURIES.....	425
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.	
EXTERNAL FACTORS OF THE POLITICAL CRISIS IN THE KAZAKH STEPPES (second half of the 18-th - the beginning of the 19-th centuries).....	437
Habizhanova G.B., Almagambetova A.M.	
SOME ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE TRIBES OF KARAKHANID STATE AND THE OGHUZES.....	452
Shashaev A., Smagulov B., Tylakhmetova A.	
GRAVE CONSTRUCTIONS OF GENEALOGICAL GROUPS OF KAZAKHS IN KAZAKHSTAN AND RUSSIA.....	460
Shildebay S.	
PUBLIC, POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF SEYTKALI MENDESHEV.....	472

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 1(21)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй